

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау Агенттігімен

2010 жылдың 21 сәуірінде

**келісілді**

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы  
өңірлік қаржы орталығының қызметін  
реттеу жөніндегі Агенттігімен

2010 жылдың 08 сәуірінде

**келісілді**

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау Агенттігі Төрағасының  
орынбасары

А.У. АЛДАМБЕРГЕН

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы  
өңірлік қаржы орталығының қызметін  
реттеу жөніндегі Агенттігінің Төрағасы

А.К. АРЫСТАНОВ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен  
(2010 жылдың 30 науырызындағы  
№ 6 хаттама)

**бекітілді**

2010 жылдың 26 сәуірінен бастап

**қолданысқа енгізілді**

**Эмитенттердің қаржылық есеп берушілігі  
және аудиті жөніндегі  
Биржалық кеңестің Комитеті туралы  
ҚАҒИДА**

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2011 жылдың 06 қыркүйегінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2011 жылдың 06 қазанындағы № 26 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2011 жылдың 11 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 10 сәуірінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 11 наурызындағы № 12 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 18 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 03 желтоқсанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 07 қарашасындағы № 42 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2015 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу Агенттігі Басқармасының "Қор биржасы сауда-саттық ұйымдастырушысының ұйымдастырушылық құрылымына және листингілік комиссиясының құрамына қойылатын талаптары туралы, және сауда-саттық ұйымдастырушысының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттық ұйымдастырушысының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы" 2009 жылдың 28 қарашасындағы № 195 қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес жасалды және Қаржылық есеп берушілік және эмитенттер аудиті<sup>1</sup> жөніндегі Биржалық Кеңес Комитетінің (бұдан әрі - Комитет) құрылымын, қызметін, құқықтарын, жауапкершілігін және қызметін жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

### 1 бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережеде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **"аккредитацияланған кәсіби аудиторлық ұйым"** – ұғым ретінде Қазақстан Республикасы "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылдың 20 қарашасындағы заңымен анықталған;
  - 2) **"ұйымның аффилиирленген тұлғасы"** – шешімдерді тікелей және/немесе жанама түрде анықтауға және/немесе осы ұйымның қабылдайтын шешімдеріне, соның ішіне жасалған мәміле күшіне ықпал етуге мүмкіндігі бар (өзіне жүктеген өкілеттілік аясында бақылау және/немесе қадағалау қызметін атқаратын мемлекеттік органды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлға;
  - 3) **"Листинг департаменті"** – негізгі қызметі бағалы қағаздардың листингін және бағалы қағаздардың Биржаның ресми тізіміне енгізуге рұқсаттама беру болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген*).
  - 3-1) **"Отдел мониторинга"** – эмитенттер мен олардың Биржаның ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздарының Қазақстан Республикасының заңнамасының, Листингілік ережелердің және басқа да Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізетін, Биржаның құрылымдық бөлімшесі (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген*);
  - 4) **"ұйымның лауазымды тұлғасы"** – осы ұйымның директорлар кеңесінің (қадағалау органының), оның атқару органының мүшесі немесе осы ұйымның атқару органы қызметін жеке-дара орындайтын тұлға;
  - 5) **"мүдделер қарама-қайшылығы"** – бұл ұғым осы Қағиданың 3 тармағында анықталғандай;
  - 6) **"ірі акционер"** – ұғым ретінде Қазақстан Республикасы "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылдың 13 мамырындағы заңында анықталған;
  - 7) **"Уәкілетті орган"** – бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын, мемлекеттік орган (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген*);
  - 8) (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен алып тасталды*)
2. Осы Ережеде қолданылған өзге ұғымдар Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.
3. Осы Қағиданың мақсаты үшін мүдделер қарама-қайшылығы деп қандай да бір ұйымның қатысушысы (ірі акционері), лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе аффилиирленген

---

<sup>1</sup> Эмитенттер аудиті мәселелері жөніндегі Қор биржасы директорлар кеңесінің комитеті, Қаулының 10 тармағына сәйкес, аталмыш Комитетті міндетті түрде құру белгіленген.

тұлғасы болып табылатын Комитет мүшесінің мүддесі оның Комитеттегі қызметі барысында тәуелсіз және объективті болуына қайшы келетін жағдайларды түсінеміз. Егер өзгесін Комитет жеке немесе жалпы жағдайларда анықтамаса, мүдделер қарама-қайшылығы деп Комитет мүшесі:

- 1) қаржылық есеп берушілігі, қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есеп беруі (аудиторлық есеп берулер) немесе қаржылық есеп берушілігіне шолу бойынша аудиторлық ұйымның есеп беруі Комитет тарапынан тексерілуі тиіс немесе тексеріліп жатқан бағалы қағаздар эмитетінің;

аталмыш бағалы қағаздар эмитентінің еншілес ұйымы немесе оған тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын ұйымның;

аталмыш бағалы қағаздар эмитенті еншілес ұйым немесе оған тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын ұйымның; және/немесе

аталмыш бағалы қағаздар эмитентімен бірлесіп үшінші ұйымның еншілес ұйымдары немесе тәуелді акционерлік қоғамдары болып табылатын ұйымдардың қатысушысы (ірі акционері), лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе аффилиирленген тұлғасы болған жағдайларды;

- 2) қаржылық есеп берушілігі, қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есеп беруі (аудиторлық есеп берулер) немесе қаржылық есеп берушілігіне шолу бойынша аудиторлық ұйымның есеп беруі Комитет тарапынан тексерілуі тиіс немесе тексеріліп жатқан бағалы қағаздар эмитеті қаржы кеңесшінің қатысушысы (ірі акционері), лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе аффилиирленген тұлғасы болған жағдайларды түсінеміз.

4. Комитет Биржаның тұрақты құрылымынан тыс органы болып табылады, Қаулының 10 тармағына сәйкес оның негізгі қызметтері:

- 1) бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілуі болжанған немесе ресми тізімге енгізілген эмитенттердің қаржылық есеп берушілігі жөніндегі аудиторлық есеп берулерді (эмитенттердің аралық қаржы есеп берушілігіне шолу, пайлық инвестициялық қорлар жөніндегі арнайы бағытталған аудиторлық есеп берушілік бойынша ұйымдардың аудиторлық есеп берушілігі), сондай-ақ көрсетілген есепке қосымша берілген қаржылық есеп берушілікті қарастыру және Департаменттің сауалы бойынша, соның ішінде Мониторинг бөлімімен бастамасымен, аталған есептер мен қаржылық есеп берушілікті қарастыру нәтижелері туралы тиісті ақпаратты дайындау (*осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған*);

Аталмыш Қағиданың 1 тарауының мақсаттары үшін осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген құжаттардың барлығы аталмыш бағалы қағаздар эмитентінің қаржы құжаттамасы немесе қаржылық құжаттама деп аталады.

Бағалы қағаздар эмитенті қаржылық құжаттарының листингілік талаптарға (қаржылық есеп берушілік стандарттары саласында) және қолданылатын заңнамаға (аудит стандарттары саласында) сәйкес келуін қарастыру туралы Листинг департаментінің сауалына, Листинг департаментінің жетекшісінің немесе оның орынбасары қол қойған сауалға (осы Қағиданың 1 тарауының мақсаттары үшін бұдан әрі - сауал) аталмыш қаржы құжаттамасы және аталмыш қаржы құжаттарына қатысы бар өзге де мүмкін болатын құжаттар (құжаттар көшірмесі) қағаз жүзінде немесе электрондық нұсқада қосымша берілуі тиіс (*осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған*);

- 2) осы Қағиданың 2 тарауында қарастырылған тәртіпте бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу және олардың аталмыш тізімде болуы (бұдан әрі – аудиторлық ұйымдар тізімі) үшін Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдар тізімін қалыптастыру .

5. Комитеттің қосымша функциялары:

- 1) аудиторлық ұйымдардың тізіміне енген, аудиторлық ұйымдар жайлы мәліметтер базасын қалыптастыру, аталмыш базада Комитеттің осы Қағиданың 4 тармағында аталған функцияларды атқару нәтижелері көрсетілген;

- 2) аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгізілген, аудиторлық ұйымдармен өзара әрекеттесу, листингтік компаниялардың және листингтік компанияларға үміткер-ұйымдардың аудитіне қойылатын талаптарға қатысты мәселелер бойынша аудиторлық ұйымдарға кеңес беру *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*;
  - 3) Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген басқа да функциялар.
6. Комитет қызметін атқару барысында Листинг департаменті, Комитет төрағасы, Комитет мүшелері және Комитет төрағасы мен мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындағанда олардың орнындағы тұлғалар арасындағы қашықтықта қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы электрондық пошта болып табылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
- Комитет төрағасына, Комитет мүшелеріне және Комитет төрағасы мен мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындағанда олардың орнын басатын тұлғаларға электрондық пошта арқылы хат жіберу мақсатында Комитет төрағасы, Комитет мүшелері және Комитет төрағасы мен мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындағанда олардың орнындағы тұлғалардың Листинг департаментіне ұсынған электрондық пошта мекен-жайлары қолданылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
- Комитет төрағасы, Комитет мүшелері және Комитет төрағасы мен мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындағанда олардың орнындағы тұлғалар Листинг департаментіне электронды пошта арқылы хат жіберу мақсатында тек бір ғана [listing@kase.kz](mailto:listing@kase.kz) электронды поштасының мекен-жайын қолдануға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.

## 2 бөлім. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ

7. Комитет құрамына:
- 1) Уәкілетті органның өкілі;
  - 2) Биржа Басқармасының мүшесі;
  - 3) Листинг департаментінің директоры;
  - 4) Мониторинг бөлімінің бастығы;
  - 5) Биржалық кеңестің мүшелері кіреді.
  - 6) Биржаның ірі акционерінің өкілі кіреді.
- (Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 06 қазанындағы, 2014 жылдың 11 наурызындағы және 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілді)*.
8. Комитет құрамы Биржалық кеңес құрамымен бекітіледі, бұл ретте:
- 1) Уәкілетті орган өкілін – Комитет мүшесін (бұдан әрі – Уәкілетті органынан Комитет мүшесі) Уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіпте дербес түрде анықтайды;
  - 2) *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 06 қазанындағы шешімімен алып тасталған)*;
  - 3) Комитет мүшесі – Биржа басқармасының мүшесі (бұдан әрі – Биржа Басқармасынан Комитет мүшесі) Биржа Басқармасының шешімімен анықталады;
  - 4) Листинг департаментінің директоры өз лауазымы бойынша Комитет мүшесі болып табылады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*;
  - 4-1) Мониторинг бөлімінің бастығы лауазымы бойынша Комитет мүшесі болып табылады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*;
  - 5) Комитет мүшелерін – Биржалық кеңес мүшелерін (бұдан әрі – Биржалық кеңестен Комитет мүшелері) Биржалық кеңес сайлайды;

5-1) Биржаның ірі акционерінің өкілі болып табылатын Комитет мүшесі (бұдан әрі Биржаның ірі акционері атынан Комитет мүшесі) осы акционермен дербес түрде белгілеген тәртіпте анықталады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*;

б) Комитет құрамына сайланған тұлғалар шексіз мәрте қайта сайлануы мүмкін.

9. Уәкілетті орган атынан Комитет мүшелерін анықтау кезінде, осы мемлекеттік орган аталмыш Комитет мүшелері болмаған жағдайда (бұдан әрі мәтінде болмаған жағдай деп сырқаттануын, демалыста немесе іссапарда болуын түсінеміз) олардың орындарын басуға құқылы қызметкерлерді қосымша анықтауға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2011 жылдың 06 қазанындағы және 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

Биржалық кеңес атынан Комитет мүшелерін сайлағанда Биржалық кеңес Комитет мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығына тартылған жағдайда аталмыш Комитет мүшелерінің орнын басуға құқылы Биржа кеңесінің өзге мүшелерін қосымша сайлауға құқылы.

Биржаның ірі акционері атынан Комитет мүшесін анықтағанда осы акционер, Комитет мүшесі болмаған жағдайда, оның орнын басуға құқылы қызметкерлерді қосымша анықтауға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

10. Комитет төрағасын сайлағанда Биржалық кеңес Комитет төрағасы болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығына тартылған жағдайда, оның орнын басуға құқылы Комитет мүшелерін де қоса сайлауға құқылы.
11. Уәкілетті органнан Комитет мүшелерінің, сондай-ақ Комитет мүшелері болмаған жағдайда олардың орнын басатын Уәкілетті орган қызметкерлерінің өкілділігі мерзімін Уәкілетті орган дербес түрде белгіленген тәртіпте анықтайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 06 қазанындағы және 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

Биржалық кеңестің атынан Комитет мүшелерінің, сондай-ақ Комитет мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығына тартылған жағдайда аталмыш Комитет мүшелерінің орнын басуға құқылы Биржалық кеңес мүшелерінің өкілеттілік мерзімі, оларды сайлаған Биржалық кеңестің (осы Қағиданың 12 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) өкілеттілік мерзімі соңына жеткенде, аяқталады.

Биржаның ірі акционері атынан Комитет мүшесінің және осы Комитет мүшесі болмаған кезде орнын басуға құқылы тұлғалардың өкілеттілік мерзімі осы акционермен дербес түрде белгіленген тәртіпте анықталады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

12. Осы құрамда Биржалық кеңес сайланған Биржа акционерлерінің жалпы жиналысынан кейінгі бірінші өткізілетін жиналыстарда Биржалық кеңес Биржа кеңесі атынан Комитет мүшелерін сайлайды (қайта сайлайды).

Биржалық кеңес Биржалық кеңестен сайланған кез келген Комитет мүшесінің өкілділігін кез келген уақытта мерзімінен бұрын аяқтауға және оның орнына Биржалық кеңестен Комитеттің жаңа мүшесін сайлауға құқылы.

Биржалық кеңес Биржалық кеңестен сайланған барлық Комитет мүшелерінің өкілділігін кез келген уақытта мерзімінен бұрын аяқтауға және Биржалық кеңестен Комитеттің жаңа мүшелерін сайлауға құқылы.

Биржалық кеңес Биржалық кеңестен Комитет мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басуға құқылы Биржалық кеңес мүшелері өкілділігін кез келген уақытта аяқтауға және Комитеттің осы мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығына тартылған жағдайда олардың орнын басуға құқылы Биржалық кеңестің жаңа мүшелерін сайлауға құқылы.

Биржалық кеңес кез келген уақытта Биржалық кеңестен Комитет мүшелерін және Комитет мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнын басуға құқылы Биржалық кеңес мүшелерін қосымша сайлауға құқылы.

13. Комитет төрағасы болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның өкілділігін Комитет төрағасы болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы пайда болған жағдайда оның орнын басуға құқылы Комитет мүшесі жүзеге асырады. Комитет төрағасы болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның орнын бірнеше Комитет мүшесі басуға құқылы болса, Комитет төрағасының өкілділігін беру Биржалық кеңес бекіткен осындай орын басу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.  
Комитет төрағасы болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда оның орнын басуға құқылы Комитет мүшелерін Биржалық кеңес сайламаған болса, Комитет төрағасы жоқ Комитеттің отырысын жүргізу үшін төрағалық етуге Биржалық Кеңестен осы отырыстағы Комитет мүшелерінің бірі сайлануы мүмкін.
14. Биржа Басқармасынан Комитет мүшесі болмаған жағдайда осы Комитет мүшесінің өкілділігін Биржа Басқармасы мүшелері болмаған жағдайда олардың Биржа белгілеген өзара орын басу тәртібіне сәйкес Биржа Басқармасының басқа мүшесі жүзеге асырады.
15. Листинг департаментінің директоры болмаған жағдайда осы Комитет мүшесінің өкілділігін Листинг департаментінің директоры міндетін атқаратын қызметкер жүзеге асырады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған*).
16. Биржалық кеңестен Комитет мүшесі болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда осы Комитет мүшесінің өкілділігін, Биржалық кеңестен Комитет мүшелері болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда олардың орнындағы, бұл мақсаттарда жаңа мүдделер қарама-қайшылығының туындауын болдырмау үшін аталмыш Биржа мүшелерінің келісуі бойынша Комитет төрағасы немесе Комитет мүшесі болып анықталған Биржалық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

### 3 бөлім. КОМИТЕТ ҚҰҚЫҚТАРЫ

17. Осы Қағиданың 4 тармағында көрсетілген қызметтерді жүзеге асыру барысында Комитет тікелей немесе Листинг департаментіне тиісті тапсырма беру арқылы (*осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған*):
  - 1) Комитет отырысына бағалы қағаздар эмитентін және/немесе аталмыш эмитенттің қаржылық есеп берушілігінің аудитін (шолуын) өткізген аудиторлық ұйымды, немесе аудиторлық ұйымдар тізіміне енгуге ниеттенген аудиторлық ұйым өкілдерін шақыруға;
  - 2) бағалы қағаздар эмитентіне оның қаржылық есеп берушілігіне қатысты сұрақтарды; осы эмитенттің қаржылық есеп берушілігінің аудитін (шолуын) өткізген аудиторлық ұйымға аталмыш эмитенттің қаржылық есеп берушілігінің аудитіне (шолуына) қатысты сұрақтарды; аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгуге ниеттенген аудиторлық ұйымға Комитет қарастырып жатқан құжаттарына қатысты сұрақтарды жолдауға;
  - 3) бағалы қағаздар рұқсаттамасының бастамашысынан мынандай құжаттардың :
    - а) бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есеп берушілігінің аудитін өткізу туралы келісім-шарт;
    - б) бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есеп берушілігінің аудиторлық тексеру жоспары;
    - в) бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есеп берушілігінің аудитіне қатысы бар өзге де құжаттар көшірмесін сұратуға;
  - 4) аудиторлық ұйымнан:
    - а) аудиторлық ұйымда сапаның ішкі бақылану жүйесінің болуын, сондай-ақ бұл жүйенің жұмыс істеуін растайтын;

- б) Комитет таңдауы бойынша бағалы қағаздар эмитенті (жұмыс құжаттар, файлдар) қаржылық есеп берушілігінің аудиторлық тексерісінің өткізілуін растайтын құжаттар көшірмесін сұратуға;
- 5) кәсіби аудиторлық ұйым мүшесі болып табылатын осы аудиторлық ұйымның аталмыш аудиторлық ұйымның, соның ішінде Комитет өкілдерінің қатысуымен, аудиторлық қызмет көрсету сапасын тексеруді ұйымдастыруды бастамалауға;
- 6) осы аудиторлық ұйымның көрсететін аудиторлық қызмет сапасының, сондай-ақ аталмыш аудиторлық ұйымның сапасының ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуінің тексерісін мұндай тексеріс мақсаттары үшін Комитет анықтаған Листинг департаментінің қызметкерлерін тарту арқылы Комитет күшімен жүзеге асыруға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.

#### 4 бөлім. КОМИТЕТ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

##### 1 бөлім. Қаржылық құжаттарды қарастыру

18. Комитет төрағасының немесе ол болмаған жағдайда немесе мүдделер қарама-қайшылығы туындаған жағдайда (бұдан әрі мәтінде – оның орнын басатын тұлғалар, немесе олардың орнын басатын тұлғалар) оның орнын басуға құқылы Комитет мүшесінің атына Листинг департаменті сауал және оған қосымша берілетін барлық құжаттарды жолдаған күннен бастап екі күн арасында Комитет төрағасы немесе оның орнын басатын тұлға *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*:
  - 1) Биржалық кеңестен Комитет мүшесінің бағалы қағаздар эмитенттері және қаржы кеңесшілерімен өзара қарым-қатынасы жөніндегі қолдағы бар ақпарат негізінде, сондай-ақ Биржалық кеңестен Комитет мүшелерімен келіссөз жүргізу арқылы сауалға қосымша берілген қаржы құжаттарына байланысты мүдделер қарама-қайшылығы туындаған Биржалық Кеңестен Комитет мүшелерін анықтайды және осы Қағиданың 16 тармағына сәйкес олардың орнындағы тұлғаларды анықтайды;
  - 2) Листинг департаментінің сауалының файлы, қаржы құжаттамалары мен аталмыш қаржы құжаттамаларына қатысы бар өзге де құжаттарды Комитет отырысын өткізудің күні, уақыты мен орнын келістіру қажеттілігі туралы жолдама хабарламамен бірге, pdf форматында электронды пошта арқылы Комитет мүшелеріне немесе олардың орнындағы тұлғаларға жібереді *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылып және өзгертілген)*;
  - 3) Комитет мүшелерімен немесе олардың орнындағы тұлғалармен де құжаттарды Комитет отырысын өткізудің күні, уақыты мен орнын келістіреді.
19. Комитет отырысы Комитет мүшелеріне немесе олардың орнын басатын тұлғаларға аталмыш құжаттар мен Листинг департаменті сауалын жіберген күннен кейінгі жеті күннің ішінде қаржылық құжаттарды және осы құжаттарға қатысы бар өзге де мүмкін құжаттарды қарастыру Листинг департаментінің сауалы бойынша өткізіледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
20. Отырыс қатысушыларының дербес түрде анықтаған тәртіпте Комитет отырысы өтеді және аталмыш отырыс өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы Комитет отырысына қатысқан Комитет мүшелері немесе олардың орнындағы тұлғалармен жұмыс тәртібінде келістірілетін хаттамамен рәсімделеді, хаттамаға Комитет төрағасы немесе оның орынбасары, немесе осы отырыста төрағалық ету үшін Комитеттің сайлаған тұлғасы және Листинг департаментінің қызметкерлері арасынан сайланатын Комитет хатшысы қол қояды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
21. Комитет отырысының хаттамалары Комитет шешімімен танысу және кейіннен сақтау үшін, хаттамаларға қол қойылған күннен келесі күннен кешіктірмей, Листинг департаментіне жіберіледі *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.



22. Егер хаттамада Комитет қарастырған қаржы құжаттамасы листингтік талаптарға (қаржылық есеп берушілік саласында) және қабылданатын заңнамаға (аудит стандарттары саласында) сай келеді деген Комитеттің пікірі білдірілсе, Листинг департаменті аталмыш қаржы құжаттамасын ұсыну мақсаттарына сәйкес қабылдайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
23. Егер Комитет отырысының хаттамасында Комитеттің немесе Листинг департаментінің осы Қағиданың 17 тармақтың 2)–6) тармақшаларында аталған әрекеттерді орындауы көзделген, Комитеттің қаржы құжаттамасын қарастыруға қатысы бар шешімдер болса, Комитет немесе Департамент аталмыш хаттамаға қол қойылған және Листинг департаментіне берілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл әрекеттерді орындайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
24. Осы Қағиданың 17 тармақтың 2)–4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды (ақпараттарды) осы Қағиданың 23 тармағына сәйкес Комитетке немесе Листинг департаментіне ұсыну мерзімі осы тармақшаларда көрсетілген ұйымдарға жіберілетін тиісті хаттарда (сауалдарда) белгіленеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
25. Осы Қағиданың 17 тармағы 5) тармақшасында көрсетілген тексерісті өткізу және осы тексерістің нәтижелерін Комитетке немесе Листинг департаментіне ұсыну мерзімін кәсіби аудиторлық ұйым белгілейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
26. Тексерушілердің сандық және жеке құрамы, осы Қағиданың 17 тармағы 6) тармақшасында көрсетілген тексерісті жүргізу және құжаттандыру мерзімі, сондай-ақ мұндай тексеріс нәтижелері бойынша құжаттардың форматы Комитеттің тиісті шешімдерімен анықталады.
27. Комитет немесе Листинг департаменті осы Қағиданың 23 тармағына сәйкес әрекеттерді орындағаннан кейін, осы Қағиданың 24-26 тармақтарында белгіленген мерзімдер аяқталғаннан кейін жеті жұмыс күннің ішінде қаржы құжаттарын қарастыру жөніндегі Комитеттің қайталама отырысы шақырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.  
Комитет немесе Листинг департаменті осы отырыстың хаттамасындағы Комитеттің қайталама отырысының шешімдерін орындайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған)*.
28. Қаржы құжаттамасының бір жиынтығын Комитеттің екі рет қарауына рұқсат етілмейді.
29. Комитет отырысының хаттамалары, қаржы құжаттарына қатысы бар өзге құжаттар (ақпараттар) бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу немесе бағалы қағаздарды ресми тізімнің төменірек санатынан жоғарырақ санатына ауыстыру мүмкіндігі туралы Листинг департаментінің тұжырымдамасының қосымшасы ретінде (тұжырымдамада қолданылуы) қолданылуы мүмкін, олар сондай-ақ аудиторлық ұйымды үш деңгейдің бірі бойынша (оның үш деңгейдің біріндегі біліктілік талаптарына сәйкестігін қайта қарастыру туралы) аудиторлық ұйымдар тізіміне енгізумен қатар, бұл тізімнен аудиторлық ұйымды алып тастау туралы мәселелерді Комитет қарастырған кезде ескерілуі мүмкін *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы және 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімдерімен толықтырылған және өзгертілген)*.

## 2 бөлім. Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізімі

30. Аудиторлық ұйымдар тізімін қалыптастыру және оны өзгерту Комитет шешімінің негізінде жүзеге асырылады, бұл шешімдер Уәкілетті органы тиісті нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген үш деңгейдің бірінің біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік талаптары) аудиторлық ұйымдардың сай келуіне қарай шығарылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 06 қазанындағы шешімімен өзгертілген және 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен толықтырылған және өзгертілген)*.
31. Екі деңгейдің бірі бойынша аудиторлық ұйымдар тізіміне аудиторлық ұйымдарды енгізу, аталған тізімнен аудиторлық ұйымдарды алып тастау, аудиторлық ұйымның екі деңгейдің біріндегі біліктілік талаптарына сәйкес келуін қайта қарастыру туралы шешімдерді Комитет

осы Қағиданың 29 тармағында белгіленген шарттарды ескере отырып, аталмыш Қағиданың 32 тармағына сәйкес, аудиторлық ұйымның ұсынған құжаттарының негізінде қабылдайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

32. Аудиторлық ұйымдардың тізіміне аудиторлық ұйымды енгізу (аудиторлық ұйымның екі деңгейдің біріндегі біліктілік талаптарына сәйкес келуін қайта қарастыру) мәселесін Комитет қарастыру үшін аталмыш аудиторлық ұйым Биржаға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:
- 1) Комитет төрағасының атына аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгізу (аудиторлық ұйымның екі деңгейдің біріндегі біліктілік талаптарына сәйкес келуін қайта қарастыру) туралы өтініш, бұл өтініште тиісті процедураларға байланысты мәселелер бойынша Биржамен байланыс жасайтын аталмыш аудиторлық ұйымның қызметкері (қызметкерлері) жайында (аты-жөні, тегі, лауазымы, телефон нөмірі, электронды поштасының мекен-жайы) ақпарат болуы тиіс;
  - 2) Қазақстан Республикасы резиденттерінің заңды тұлғаларына арналған, сапаның сыртқы бақылауын өткізу нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымның аудиттің халықаралық стандарттарын және Әдеп кодексін сақтауын растайтын, аудиторлық қызмет саласында уәкілетті мемлекеттік органмен аккредитацияланған кәсіби аудиторлық ұйым тұжырымдамасының көшірмесі;
  - 3) Қазақстан Республикасы резиденттерінің заңды тұлғаларына арналған, сапаның сыртқы бақылауын өткізу нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымның аудиттің халықаралық стандарттарын және Әдеп кодексін сақтауын растайтын, Есепшілердің халықаралық федерациясының мүшесі болып табылатын кәсіби аудиторлық ұйым тұжырымдамасының немесе өзі резидент болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының тұжырымдамасының көшірмесі;
  - 4) аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру келісім-шартының көшірмесі;
  - 5) Аудиторлық ұйымның Есепшілердің халықаралық федерациясының "Фирмалар Форумы" халықаралық есепшілер желісі ассоциациясының нақты толық мүшесі болып табылатын халықаралық есепшілік желісіндегі мүшелігін растайтын құжат көшірмесі;
  - 6) аудиторлық қызметті кемінде үш жыл атқарғандығын растайтын құжаттар, соның ішінде заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік көшірмесі және аудиторлық қызметті жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензияның көшірмесі;
  - 7) аудиторлық ұйымның штатында:
    - а) біліктілік талаптардың бірінші деңгейіне сәйкес келу үшін – бухгалтерлік есеп және аудит саласында Associate Chartered Accountant (ACA), Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), Certified Public Accountant (CPA), the Association of Chartered Certified Accountants (ACCA) халықаралық сертификаттары, сондай-ақ нотариус растаған сертификаттардың көшірмелері және оқығандығы, емтихандарды сәтті тапсырғандығы туралы басқа құжаттары, сонымен қатар еңбек келісім-шарттары немесе лауазымға тағайындау туралы бұйрықтары бар үш аудитордың;
    - б) біліктілік талаптардың екінші деңгейіне сәйкес келу үшін – бухгалтерлік есеп және аудит саласында Associate Chartered Accountant (ACA), Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), Certified Public Accountant (CPA), the Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), Diploma in the International Financial Reporting (DipIFR ACCA), Certified International Professional Accountant (CIPA) халықаралық сертификаттары, сондай-ақ нотариус растаған сертификаттардың көшірмелері және оқығандығы, емтихандарды сәтті тапсырғандығы туралы басқа құжаттары, сонымен қатар еңбек келісім-шарттары немесе лауазымға тағайындау туралы бұйрықтары бар екі аудитордың болуын растайтын құжаттар;
  - 8) осы аудиторлық ұйымның аудиторлық есеп берулерінің және аталмыш есеп берулердің шығуына негіз болған қаржылық есеп берушіліктің халықаралық

стандарттарына сәйкес құрастырылған, осы аудиторлық есеп беруге қосымша ретінде берілетін қаржылық есеп берушілік көшірмелерін келесі көлемде ұсынуы тиіс:

- а) біліктілік талаптардың бірінші деңгейіне сәйкес келу үшін – он бес дана;
- б) біліктілік талаптардың екінші және үшінші деңгейіне сәйкес келу үшін – он дана.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

33. Осы Қағиданың 32 тармағы 2)–8) тармақшасында аталған, көлемі бір беттен аспайтын құжаттар тігілген, нөмірленген болуы тиіс және оларға Биржамен жұмыс жасауға өкілденген тұлғаның қолы қойылып, аудиторлық ұйымның мөрімен расталуы тиіс *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген құжаттар .pdf форматында электронды түрде қосымша ұсынылуы тиіс және олардың қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі болуы тиіс *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген);*

34. Аудиторлық ұйымдардың тізіміне аудиторлық ұйымның енгізілуі (аудиторлық ұйымның үш деңгейдің біріндегі біліктілік талаптарына сәйкес келуін қайта қарастыру) туралы өтінішін және осы Қағиданың 32 тармағына сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін екі жұмыс күні аралығында Комитет төрағасы Комитет мүшелеріне немесе олардың орынбасарларына бұл құжаттарды электрондық пошта арқылы жіберіп, аталған өтінішті қарастыру бойынша Комитет отырысын өткізу күнін, уақытын және орнын жұмыс тәртібінде келіседі *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

Комитет отырысына, өздерін аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгізу (аудиторлық ұйымдардың тізімінің төменірек деңгейінен жоғарырақ деңгейіне ауыстыру) туралы өтініш берген, аудиторлық ұйымның өкілдері шақырылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

35. Аудиторлық ұйымдардың тізіміне аудиторлық ұйымды енгізу (аудиторлық ұйымдардың тізімінің төменірек деңгейінен жоғарырақ деңгейіне ауыстыру) туралы шешімі, егер оған Комитет мүшелерінің немесе олардың отырыстағы орынбасарларының жалпы санынан көпшілігі дауыс берген жағдайда, қабылданды деп саналады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

Егер мұндай енгізуге (ауыстыруға) осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген дауыс санынан төмен дауыс берілген жағдайда, Комитет мұндай енгізуден (ауыстырудан) бас тартты деп есептеу керек *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

Егер мұндай енгізуге (ауыстыруға) Комитет мүшелері немесе олардың осы отырыстағы орынбасарлары дауыстарының жалпы санынан он бес пайыз дауыс берілген жағдайда, қосымша талқылаудан кейін мәселе қайталама дауыс беруге шығарылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

36. Аудиторлық ұйымды аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгізу (аудиторлық ұйымдардың тізімінің төменірек деңгейінен жоғарырақ деңгейіне ауыстыру) туралы шешім бұл шешім қабылданған күннен келесі жұмыс күні күшіне енеді. *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*

Тиісті ақпараттық хабарлама Биржаның интернет-сайтында жарияланады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

37. Егер Комитет отырысының хаттамасында Комитеттің осы Қағиданың 17 тармақтың 4)–6) тармақшаларында аталған әрекеттерді орындау көзделген болса, Комитет шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл әрекеттерді орындайды.

38. Осы Қағиданың 17 тармағының 4) тармақшасында белгіленген құжаттарды (ақпараттарды) осы Қағиданың 37 тармағына сәйкес Комитетке ұсыну мерзімі аудиторлық ұйымға жіберілетін тиісті хаттарда (сауалдарда) белгіленеді.

39. Осы Қағиданың 17 тармағының 5)-6) тармақшаларынан туындайтын, Комитеттің әрекеттері осы Қағиданың 25 және 26 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.
40. Комитет осы Қағиданың 37 тармағына сәйкес әрекеттерді орындағаннан кейін, осы Қағиданың 38-39 тармақтарында белгіленген мерзімдер аяқталғаннан кейін жеті жұмыс күннің ішінде аудиторлық ұйымдардың тізіміне аудиторлық ұйымды енгізу (аудиторлық ұйымдардың тізімінің төменірек деңгейінен жоғарырақ деңгейіне ауыстыру) жөніндегі Комитеттің қайталама отырысы шақырылады.
41. Комитет қаржы құжаттамасының бір жиынтығын екі рет қарастырмайды.
42. Комитет бастамасымен аудиторлық ұйымдардың тізімінен аудиторлық ұйымды алып тастау себептермен жүзеге асырылуы мүмкін:
  - 1) аудиторлық ұйымның біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі фактілерінің анықталуы;
  - 2) аудиторлық қызметін жүзеге асыруды тоқтату;
  - 3) аудиторлық қызметті жүзеге асыру лицензиясы күшінің уақытша тоқтатылуы немесе тоқтатылуы;
  - 4) Комитет аудиторлық ұйымның кәсіби қателесу немесе клиентімен алдын ала келісу бойынша екі және одан да көп жалған аудиторлық есеп бергендігін анықтағанда;
  - 5) аудиторлық ұйымның өзі және өзінің қызметі жайында жалған, нақты немесе толық емес ақпаратты ұсынуы;
  - 6) Комитет аудиторлық ұйымның заңнаманы бұзудың екі және одан да көп факторын анықтағанда.
43. Егер аудиторлық ұйымдардың тізіміндегі аудиторлық ұйым төменірек деңгейдегі біліктілік талаптарына сәйкес келуін тоқтатса, бірақ бұл ретте жоғарырақ деңгейдегі біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, Комитет аудиторлық ұйымның біліктілік талаптарына сәйкес келуін қайта қарастырады және аталған аудиторлық ұйымның төменірек деңгейдегі біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы шешім қабылдайды (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы және 2014 жылдың 07 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілген*).
44. Комитеттің осы Қағиданың 42 тармағында көрсетілген негіздер бойынша аудиторлық ұйымдар тізімінен аудиторлық ұйымды шығару, және осы Қағиданың 43 тармағында көрсетілген негіздер бойынша аудиторлық ұйымды аудиторлық ұйымдары тізімінен алып тастау және аудиторлық ұйымды жоғарырақ деңгейден төменірек деңгейге ауыстыру туралы шешімді қабылдау процедуралары осы Қағиданың 34 және 35 тармақтарында сипатталған процедураларға ұқсас келеді (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген*).
45. Комитеттің аудиторлық ұйымдар тізіміне аудиторлық ұйымды енгізу туралы, немесе осы Қағиданың 42 тармағында көрсетілген негіздер бойынша аудиторлық ұйымды аудиторлық ұйымдары тізімінен алып тастау және аудиторлық ұйымды жоғарырақ деңгейден төменірек деңгейге ауыстыру туралы шешімі, егер бұл шешімді қабылдау кезінде өзгесін Комитет белгілемеген болса, қабылдау күнінен кейінгі күні күшіне енеді (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген*).

Тиісті ақпараттық хабарлама Биржаның интернет-сайтында жарияланады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген*).
46. Аудиторлық ұйымдар тізімінде болған уақытта аудиторлық ұйым әр жылдың 20 қаңтарынан және/немесе 20 шілдесінен кешіктірмей, осы Қағиданың 32 тармағы 2)-7) тармақшасында көрсетілген құжаттарды аталмыш аудиторлық ұйымның біліктілік талаптарына сәйкес келуін растау мақсатында Биржаға ұсынуы тиіс.
47. Аудиторлық ұйымның атауы, оның заңды және/немесе нақты мекен-жайы және/немесе байланыс телефонының нөмірі өзгерген жағдайда аудиторлық ұйым аталған мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды ұсынып, үш жұмыс күнінің ішінде Биржаға хабарлауы тиіс.

### 3 бөлім. Комитеттің қосымша функциялары

48. Аудиторлық ұйымдар, аккредитацияланған кәсіби аудиторлық ұйымдар, Комитет мүшелері, Листингтік комиссия мен Биржалық кеңес мүшелері, мемлекеттік органдар, бағалы қағаздар эмитенті және басқа да ұйымдар мен тұлғалардың Биржаға (Комитетке, Листинг департаментіне) ресми ұсынған құжаттар (ақпараттар, мәліметтер) негізінде, сондай-ақ осы Қағиданың 4 тармағында аталған Комитеттің функцияларын жүзеге асыру нәтижелері туралы ақпараттың негізінде Листинг департаменті аудиторлық ұйымдар тізіміне енгізілген немесе аталмыш тізімге кіруге ниеттенген ұйымдардың деректер қорын жүргізеді және сақтайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
49. Комитеттің осы Қағиданың 4 тармағына сәйкес қызметтерді орындау нәтижелері бойынша оның дайындайтын барлық құжаттарының түпнұсқалары, сондай-ақ аудиторлық ұйымдардың осы Қаулының 32 тармағына сәйкес ұсынған құжаттары Листинг департаментінде сақталады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
50. Комитеттің өзге де қосымша қызметтерді жүзеге асыру тәртібін Комитет қолданыстағы заңнама мен Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес дербес түрде белгілейді.

### 5 бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР

51. Заңнаманың, осы Ереже мен Биржаның басқа ішкі құжаттарының Комитет қызметін жүзеге асыру тәртібіне белгілеген талаптарын Комитет сақтауға міндетті.
52. Комитет мүшелері осы Ережеде анықталған міндеттерді бұзған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Биржалық кеңес оларға мынадай ықпалшараларды қолдануға құқылы:
  - 1) міндеттерді адал орындамағаны жайлы ескерту жасау және Комитет мүшесінің міндеттерді қайталап бұзғаны анықталған жағдайда уәкілеттілігін тоқтату туралы ескертіледі;
  - 2) Комитет төрағасының, мүшелерінің немесе олардың орынбасарларының уәкілеттілігін тоқтату.

Президент

Қ.Қ. Дамитов